


Ұлағат иесі – Қаражан Нұрғалиұлы

Қазақта «келіні жақсының көрегесі алтын» деген мәні мен мағынасы терең жаксы бір сөз бар. Халқымыздың арғы-бергі тарихына зер салсақ, дана қазақта бір өзі бір ауылды басқара білген адудынды да парасатты бәйбіше, ауылдағы қайсыбір тентек қайналарын бір ауыз сөзбен иландырып, тезге сала білген көркіне ақылы сай келіндер аз болмаған.

XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың бас кезінде қыпшақ руының қызы Тәттібеке апамыз шымыр руына келін болып түскен кезінде ел ішіндегі даура түсіп, билік айтыйп, ел-жүрттыхың ынтымалғы мен тыныштығын сақтай білген бидің бірі болыпты. Ал XIX ғасырда дүркіреген бір әүлетке келін бол түскен Құдайбайдың қызы Бидаш есімді әйелдің ақылдылығы мен кеменгерлігі нәтижесінде ел арасында «Бидаш би» атасын кеткені туралы деректер жазба әдебиетінде кездеседі. Әйгілі Төле бидің келіні Данагулдің ақыл парасаты бір төбе. Одан кейінгі жылдарда да халқымыз парасат-пайым жарасқан келіндерге кенде болған жоқ. Қайын атасы туралы «шуақтық кундерді» жазып, атасының ер-

жолының бастауы. Атамның экесі «халық жауы» болғаннан болса керек, атам оң солын тани бастаған кезінде, қайтсем де білім алуды керек деген қайсарлығымен ауыл белсенділерінің наразылығына қарамастан қашып шығып, қазіргі Қостанай облысы, Мендіқара қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы 2 жылдық педиатриише түсіп, білім алады. Сол кездеі мәндайлалды саналатын білім беру ордаларынан сауат ашып, білімін шындағы түсінек атам - кіндік қаны тамған атамекеніне келіп, қызмет қылуды мойнындағы міндеті санаған екен. Одан әрі еле оралмауды азаматтығына сын келеді деп пайымдаған болуы керек. Алайда, ауызы өзін күдалап, халық жауының баласы деп жұмыс бермеген екен. Содан атам жанұясын ертіп, Торғайға барып қызмет етеді. Атамның экесі дәүлетімен сәулеті жарасқан, қуатты кісі болған екен. Атам көзі тірісінде экесінен қалған 8 қанатты киіз үй, бір үйір жылқы, барлық дүниe мұліктен түк қалдырмай, сол ауылдағы алыс-жақын жамағайындарының талан-тараға салып, сан соқтырып кеткендерін өткеннің әкінішке толы естеліктері қылып, баян-дайды екен. Атамның үстаздық жолы бір болек, негізінде бұл кісі әдебиеттің өзінің жазылышы мен күйлерді, ақын-жазушылардың сөздерін сабак барысында қолдана білген. Сонымен қатар, әр өлең сөзді, мәтінді оқығанда нақышына келтіріп, тындаушыны кейіпкердің нақ-



стыруымен ауданарадық жалпы білім беру үйімдарының арасында « тұмадан тұнық нәр алдым « тақырыбында ауқымды байқау үйімдастырылмақ.

Заман қарқынды дамып, небір мамандықтар самсал келе жатқан біздің қоғамда - кешегі еңбегі сінген үстаздарды елеуіміз керек . Аты - жонін ардақтап, мұражай мен білім орталарында еңбекін көпке көрсетуіміз керек . Қарапайым

қазақ ауыларының алғашқы зияяларының бірі болып, ағарту ісіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған атам жайлы айтпағым осы. Кейінгі өскелек үрпаққа алдыңғы буынның еңбек жолымен, жеткен жетістіктерін насихаттасақ, үстаз мерейі осіп, мұғалім мамандығына қызығушылық та көбейер еді.

**Айдана КАМЕЛ,
немере келіні**

мен, көрнекіліктермен көмкере өткізетін атам - әдебиетті, еңбекпен, тілмен, мәдениетпен жіті байланыстырып, әр сабағында шәкірт коніліне жол табуды мақсат тутқан. Өз сабағының, әсерлі де көрнекі болуы үшін, техникалық құралдарды да пайдаланған. Ол кезде, қазіргідей бәрі дайын түрған Google – YouTube жөлілері адамның түсіне кірмек қайдан. Атам қолда бар мүмкіндікпен, кезінде таспаға жазылып алынған әндер мен күйлерді, ақын-жазушылардың сөздерін сабак барысында қолдана білген. Сонымен қатар, әр өлең сөзді, мәтінді оқығанда нақышына келтіріп, тындаушыны кейіпкердің нақ-

лігін, ақыл кеменгерлігін кейінгі үрпаққа көремет мәтінімен мәнерлеп жеткізіп жүрген, қа-зақтың батыры Бауыржан Мо-ышулының келін — Зейнеп Ахметова апамыз да бүгінгі күні күллі қазақтың келініне айналды. Қазақ халқында ықылым заманнан келіндер мектебі омір сүрген бе дерсіз. Тарихқа көз жүгірте келе, мен де бұл жазба-ны жазуды ерсі көрmedім.

Мен улken әuletке шора қаз етіне келін болып түстім. Менің жазу - сзызуға икемінді байқаған атам қолыма бір бума улken атамның (екесінің) еңбектері жазылған қаразды үстасып, то-лықтай танысып шығуымды қалады. Атам туралы естеліктерді құныға оқып шықтым. Есігінен кісі үзілмейтін, отынан қазаны түспейтін мен аттаған босага - кешегі Амангелді ауданы, Байғабыл ауыл мектебінде көп жылдар еңбек еткен, қазақ тілі мен әde-биеті пәннің мұғалімі, үстаздық қызметшімен Торғай - Амангелді өніріне есімі кеңінен таныс - Нұргалиұлы Қаражан Бекбауло-втың қара шаңырағы екен. Мен қолыма қалам алмас бұрын, ул-ken атамның шежіресіне, омір тарихына көзben шолу жасап шықтым. Улken атам - еке ше-шесінен ертеректе айырылып жетім қалған екен. Нақтыласам, әкесі кенес заманында «халық жауы» атанип кудаланып, кей-ін ату жазасына ұшыраған корі-неді. Бірнеше жыл ете анасы да бақылық болған екен. Бір бауыры соғыста қаза тауып, қалған бауырларын қанаттыға қақты-рмай, тұмсықтыға соқтырмай, жетімсіртпеген көрінеді. Эке шешеден айырылып, тұл жетім қалған балалардың улkenі болған атамның - алға ұмтылып, қарекет қылмауға о баста қанмен келген тектілігі де әсер еткен болуы керек. Атам майданда қаза болған бауырын демі үзіл-генше іздеумен болынты. Бар мұмкіндікі пайдаланғанмен жазмышка шара бар ма. Дей тұрғанмен, козінің тірісін-де қалған бауырларына бас көз болып, қамқорлығын аямаған екен. Бұл атамның қысқаша өмір

олен жолдарын тың идеялардың жарық көруіне сеп болатыны анық. Эке шешеден ерте қалған жетімдікпен, халық жауының баласы деген шеттетудін күрбапы болған атам - әдеби қарье-расында кең көлемді шығарма-ларды дүниеге әкелмегенімен, одан екі есе жүгі ауыр, үстаздық бағытта қырық жыл еңбек етті. Сол кездегі ауыл балаларының әдеби - мәдени шындалған легін қалыптастыруда көп тер төкти.

Атамның еңбек жолын қарап отырсам, 1949 жылы Торғай-дағы Қекалат ауылында, 1950 - 1952 жылдар аралығында Албар-бекет жеті жылдық мектебінде, 1952-1956 жылдары Түйемой-нақ жеті жылдық мектебінде, қызмет еткен екен. 1959 жылы Қарасу бастауыш мектебінде үстаздық ете жүріп, 1963 жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагоги-калық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша сырттай болімін оқып шыгады. Кейін Амангелді ауда-нына қарасты Крупская атын-дағы сегіз жылдық білім орда-сында мектеп директоры болып қызмет атқарады. 1976 жылы өзінің туған жері Байғабыл ауылына тұрақтап, өмірінің со-ныңда дейін Байғабыл ауылында еңбек етеді.

Ізденимпаз ұстаз окуышы-ларга терең де тиянақты білім беріп, творчествалық еңбек етеді. Сөзіме тұздық болсын. Осы орайда атаниң түрлі тақы-рыптарда жазған баяндамалары мен мақалалары облыс, респу-блика колемінде кеңінен баға-ланған көрінеді. Ол кісі көркем әдебиет арқылы шәкіртерінің санасына адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастырудығы еңбегі ұшан теңіз. Атамның іс тәжірибелерін ұлы Абайдың асыл сөздерінің идеясын, Сә-кен, Бейімбет Майлин шығар-маларындағы еңбек, ададлық, мәрттік, адамгершілік қасиет-теріне баса назар аударып, ай-рықша методикамен түсіндіре білгендейінен нағыз мұғалімнің шеберлігін аңғаруға болады. Әр сабағын ерекше әдіс тәсілдер-

сол күйіне түсіріп жіберетін көркем сөз шебері болған екен.

Атамыз халық ағарту сала-сындағы атқарған көп жылдық еңбегі үшін Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері деген атаққа ие болып, көпте-ген мақтау грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталды. Экенін даңғыл жолы - балага үлгі. 2019 жылы ағамыз Нұргалиев Рабит Қаражанұлының ба-стамасымен «Алтын арқаулы асыл мұра»атты кітап жарық көрген. Кітапта Атамыздың өмірбаяны, үстаздық жолы, жеткен жетістігі мен шығар-машылығы толық қамтылған. Сондай - ақ, Назарбек Бектемі-сов, Мәлік Жәкішев, Гүлнар Сы-здықова сынды Торғай елінің мандай алды азаматтары мен азаматшаларының, атамен қызметтес болған тұлғалардың ол кісі туралы ой толғамдары мен зерттеу жұмыстарын окуға бо-лады.

Торғай даласы - талантты да дара тұлғаларға бай олке. Менің ойым - Үлт ұстазы атанған Ах-мет Байтұрсынұлының кей-інгі буыны болып саналатын атамның еңбегін кейінгі үрпақ білсе екен деген ізгі ниет қой. Барша қазақ халқы Торғай да-ласынан шыққан үстаздардың ыбырай мен Ахметтен тоқтап қалмағанын, менің атам Қара-жан Нұргалиұлы сынды сөздің жілігін шағып, майын ішкен, тілмаш, майталман үстаздар-дың шыққанын блігүе тиіс. Осы орайда ағымдағы жылдың қа-зан айында атаниң еңбек жолы-ның күесі болған, өзінің қызмет еткен мектебінде, туған жері - Байғабыл ауылында кең көлемді іс - шара өткізілгелі отыр. Ол кісінің іс - тәжірибелерін кеңі-нен насиҳаттап, кейінгі үрпаққа жеткізу мақсатында атамның асыл мұрасын насиҳаттау ба-рысында өзі қызмет еткен Ақан Нұрманов мектебінде атага ар-налған әдеби лингафонды каби-нет ашылғалы отыр. Сонымен қатар, Ақан Нұрманов атын-дағы Байғабыл орта мектебінің қазіргі директоры Шоңғалов Кү-андық Бақытұлының үйимда-